

«BOLASHAQ» АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ҚАБЫЛДАУ (МАГИСТРАТУРА)

Ғылыми-педагогикалық магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ (кешенді тестілеу) қорытындылары бойынша үшін 150 балдық бағалау жүйесінің шкаласына сәйкес кемінде **75** балл, бұл ретте шет тілі бойынша кемінде **25** балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейінді пән бойынша – кемінде **7** балл, екінші бейінді пән бойынша – кемінде **7** балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Бейінді магистратурада тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша кешенді тестілеудің 70 балдық бағалау жүйесінің шкаласына сәйкес кемінде **30** балл, бұл ретте білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейінді пән бойынша – кемінде **7** балл, екінші бейінді пән бойынша – кемінде **7** балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

- Кешенді тестілеуді тапсыру (міндетті түрде);
- КТ сертификаты балдары бойынша (шектегі балл алған жағдайда) мемлекеттік грантқа өтініш беру (еркі бойынша). Грантқа үміткер білім беру бағдарламасы тобын және үш жоғары оқу орнын тандай алады;
- Шектегі ұпай жинаған үміткерлер ақылы түрде жоғары оқу орнына қабылданады.

Магистратураға түсуге арналған кешенді тестілеуге қатысу үшін өтініштер қабылдау 1 маусымда басталады

Магистратураға кешенді тестілеуге өтініш Ұлттық тестілеу орталығының сайты арқылы **1 маусым-15 шілде** аралығында қабылданады. Кешенді тестілеудің қорытындысы бойынша куәлік электронды түрде тестіленушінің жеке кабинеті арқылы беріледі.

Магистратураға кешенді тестілеу **20 шілдеде басталып, 10 тамызға дейін** жалғасады. Араб тілі бойынша және шығармашылық емтихандар 16-25 шілде аралығында өтеді.

Магистратураға қабылдау 28 тамызда аяқталады.